

Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі Набережное ауылының кейбір көшелерінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 1 қарашадағы № 1-04-8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қарашада № 5688 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 1-04-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 02.10.2018 № 1-04-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Григорьевка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі Набережное ауылының Аульная, Школьная, Степная және Абай көшелерінің аумағында ірі қара мал табынында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Павлодар аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Павлодар ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Павлодар облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Павлодар аудандық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Григорьевка ауылдық округі

әкімінің міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

А. Шаймарданов

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

ветеринариялық бақылау және қадағалау

комитетінің Павлодар аудандық

аумақтық инспекциясы

мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Апсаликов

2017 жылғы "1" қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Павлодар ауданының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Глеуленов

2017 жылғы "1" қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының денсаулық

сақтау Министрлігінің Қоғамдық

денсаулық сақтау комитетінің

Павлодар облысы Қоғамдық

денсаулық сақтау департаментінің

Павлодар аудандық денсаулық

сақтау басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

С. Султанғалиев

2017 жылғы "1" қараша